

4 Лагутин В.И. Проблемы анализа художественного диалога: (к прагмалингвистической теории драмы) Кишинев:Штиинца, 1991. – 94 с.

5 Ларин Б.А. Эстетика слова и язык писателя. Избранные статьи – Ленинград: Художественная литература, 1974. – 285 с.

6 Шведова Н.Ю. Очерки по синтаксису русской разговорной речи М.: Издательство АН СССР, 1960. – 377 с.

7 Борисова И.Н. Русский разговорный диалог: проблема интегративности. Автореф. доктор. дис. – Екатеринбург, 2001. – 45с.

8 Стельмашук А. Диалогизация и способы ее реализации в различных речевых сферах современного русского языка (художественная и научная проза). Докт. дис. СПб, 1993. – 429 с.

9 Исабеков Д. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. Пьесалар. Алматы: Өлке, 2003. – 360 б.

РЕЗЮМЕ

В теории диалога одной из спорных проблем является обозначение соотношения разговорного диалога с художественным диалогом. Поэтому в этой статье анализируются различия проблем драматургического и разговорного диалога в сравнительном аспекте.

Summary

In the theory of dialogue one of the arguing problems is the indicating of difference between spoken and artistic dialogue. So, the differ of problems of dramaturgic and spoken dialogue are analyzed in comparative aspect in the article.

Х.ОРДАБЕКОВА

С. Демирел атындағы университет

доцент м.а., ф.ғ.к.

Алматы қ.

ТҮР-ТҮС ЭТНОЭЙДЕМДЕРІ (ЭТНОПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ)

Соңғы жылдары антропоэзектік әдіс негізінде қалыптаса бастаған психолінгвистикалық бағыт, оның ішінде, этнопсихолінгвистикада лингвомәдени қауым тезаурусына тән (тіл лексикасын толық қамтитын түсіндірмелі не тақырыптық сөздік) сөз-стимулдарға берілетін сөз-реакциялар, ассоциация, ұғымдық категориялар, дәстүрлі образдар, теңеулер мен жекелеген денотаттың символикалық қолданысы сияқты мәселелер жан-жақты сөз етілуде. Біз бұл мақалада осы мәселенің бір ғана қырын, яғни қазақ және орыс тілі (мәдениеті) материалдары негізінде түр-

түс атауларының ұлттық ментальдық ерекшеліктері мен түр-түстік таңбаларға қатысты этномәдени компоненттердің қалай меңгерілетініне назар аудармақшымыз.

Жалпы түс ұғымына деген қызығушылық кездейсоқ емес. Әрбір халық, этнос қоршаған ортадағы түр-түс ұғымын өздерінше танып, өз дүниетанымы бойынша тұжырымдайды. Қоршаған әлемдегі түр-түс ұғымдары - ұлт мәдениетінің феномені. Ол этностың рухани дүниетанымымен, мәдени өмірімен, болмыс-бітімімен бірге дамып, ұрпақтан-ұрпаққа ұлттық сана арқылы беріліп отырады. Ш.Жарқынбекова қазақ этномәдени болмысындағы түр-түс ұғымы туралы төмендегідей пікір білдіреді: «Қазақ халқының түр-түс концептілерінде уақыт және кеңістік коды қоршаған ортаны тану, қабылдау және өмір сүру салтына байланысты беріледі» [1, 193]. Сонымен қатар, адамзаттың даму тарихында этностық, ұлтаралық, партиялық, таптық және тағы басқа қатынастарды бейнелеуде түрлі түр-түс атаулары «біз – олар» дихотомиясы қызметіне сәйкестендіріліп беріледі. Бұған қоғамдағы ірі-ірі тарихи оқиғалардың, әр дәуірдегі әлеуметтік-саяси өзгерістердің «белгілі бір түстер үйлесімділігімен» ассоциацияланатынын ескерсек те жеткілікті.

Ғылыми әдебиеттерде нысан етіп отырған мәселеге байланысты зерттеулер тілдік таксиномияны түзу үшін, тілдің даму сипатына қарай түр-түс атауларының қаншалықты өзгеріске түскендігін айқындауға байланысты қарастырылып келеді. Түр-түс атауларына қатысты антропоэзектік бағыттағы зерттеулер де жүргізілуде. Алайда, түрлі этникалық, әлеуметтік топтардың жекелеген түске, түстер үйлесімділігіне интуитивті түрде ерекше ықылас танытатындығы, белгілі бір түстің дәстүрлі түрде геральдикалық, литургиялық түстер құрамынан орын алуы, кодификация мәселесі және олардың ұлттық сананың, тілдік сананың қалыптасуына әсері әлі де болса зерттей түсуді қажет етеді.

Ұлттық фольклор мен поэтикалық дәстүрде белгілі бір құбылысты түспен таңбалаудың эстетикалық ролінің жоғары екендігі даусыз. Дегенмен, түр-түс атауларының ұлттық сана арқылы қабылданып бекітілген мәдени, эмоционалды күйі мен олардың түрлі жағдаяттармен байланысы оларды ерекше «*ұлттық дүниетаным концептісі*» немесе «*этноэйдем*» тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Этнопсихолингвистикалық зерттеу бағытында Л.А.Шейманның психология-әдебиеттану концепциясы негізінде «этноэйдем» ұғымы ұлттық ғалам бейнесін түзуде маңызды құрылым ретінде анықталады. Ал қазақы «этноэйдем» болмысының қайнар көзі арғысы түркі тілдерінен, бергісі қазақ тілінде жүздеген түр-түс атаулары қалыптасып, этномәдени өміріміздің әр саласында дәстүрлік дүниетаным негізінде кеңінен қолданыс тапқандығымен айқындалады. Қазақ зерттеушілерінің осыған орай «Бұл танымды біздің дәстүрлік таным деп атауымыздың себебі: ол ұзақ дәуірдің,

халық болып жаралғаннан бергі дүниетанымның, өзін қоршаған табиғаттың түр-түсін меңгеруінің және олардың өз тілінде қалыптастыруының нәтижесі болып саналуында» [2, 67] деп дәйектеуі де қисынды.

Түр-түстік этноәйдемдер категориясына барлық түс атаулары кіре береді деген ұғым қалыптаспауы тиіс. Түрлі әдебиеттерді, сөздіктерді зерделеу, ассоциативті эксперименттік талдаулар негізінде қазақ лингвомәдени ортасына тән түр-түстік этноәйдемдер қатарына *ақ, көк, қоңыр, сары, қызыл* түс белгілерін, орыс лингвомәдени қауымына тән дәстүрлі этноәйдемдер қатарына *қызыл, ақ, қара және көгілдір* (ішінара, *көк*) түстерін жатқызуға болады. Берілген әрбір түс атаулары қазақ және орыс этномәдениеті өкілдерінің тілдік санасында тұрақты ассоциацияларды иеленеді. Өйткені бұл түстер қоршаған ортаны тану және оны қабылдау процесіндегі ұлттық ерекшелігі бар жүйелермен, стереотиптермен, табу және ырым-жоралғылармен тығыз байланысты. Тілдік санада ұлттық ерекшелікті құрайтын әрі тұрақты ассоциация туғызатын мұндай сөздер қатарын В.Л.Муравьев «ұлттық ойлау жүйесі» немесе «ассоциативті лакуна» деп атауды ұсынады [3]. Ассоциативті лакунаны анықтауда Ю.А.Сорокин ұсынған «лакунаны» белгілеу әдісі қолданылады. Бұл әдіс өзара бір-бірімен әрекеттесетін лингвомәдени ортадағы тіл мен мәдениет, мінез-құлық деңгейінде ұғымдық, тілдік және эмотивті категорияларды салғастыру арқылы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді зерттеуге негізделеді [4].

Кез келген тілдің лексикалық қабаты тілдік ассоциацияның өздік жүйесін құрайды. Соның ішінде ассоциативті лакуна ұлттық болмыс, концептуалды ғалам бейнесі негізінде туындаған лингво-этнографиялық сипатқа ие. Мұндай ассоциация тура және ауыспалы мағына, көпмағыналы сөздердің белгілі бір мағынада келуі арқылы және фразеологизмдердің қолданысынан туындайды. Оған қоса, ассоциативті эксперимент негізінде алынған ассоциативті өріс мәліметтері де салғастырылады. Түр-түс стимулдарын таңбалауда ассоциативті өріс мәліметтері толығымен сәйкес келмеген жағдайда (кездейсоқ, окказионалды байланыстар ескерілмейді) *абсолютті ассоциативті лакуна* ретінде жүйеленеді. Ал ассоциативті өрістердің ішінара қиылысуы *қатыстық ассоциативті лакуналардың* бар екендігін айқындайды. Ю.А.Сорокиннің пікірінше, «лакуна» ұғымы белгілі бір мәдениеттегі вербалды мінез-құлық әрекеттерінің фактілерін түсіндіру тәсілі ретінде коннотацияға тән құбылыс. Демек, лакуна белгілі бір тіл мен мәдениетте жеке таңбаланатын тұрақты ассоциация, ал өзге тілде қоғамдық санада бекітілген мәдени мазмұнға ие бола алмайтын құбылыс ретінде түсіндіруге болады.

Ассоциацияның мәтін түзуші, сөйлеудің туындауы мен оны қабылдаудағы ролін ескере келе, өзге тіл өкілдерінің сол мәдениетке тән әлеуметтік маңызы бар ұғымдарды талдаудың ережелерін меңгермеген

жағдайда сөйлеу коммуникациясының бұзылуына әкеледі. Ал бұл өз кезегінде өзге тілді, өзге мәдениетті реципиенттің ақпаратты қабылдауын қиындата түседі. Мұндай ережелер жүйесін (маңызды деп танылатын түстік этноэйдем ерекшеліктерін қоса алғанда) меңгеру – биэтнокультурализмнің мәдени-эстетикалық қалыптасуының алғышарты болып табылады. В.Л.Муравьев этноэйдемдерді имплицитті (жасырын) лакуналар қатарына жатқызады. Ол түр-түстің ұлттық өзіндік ерекшелігінің ашыла бермейтіндігін алға тартады [3]. Өйткені түр-түс атаулары өзге тілдерде де түсіндірме сөздіктерде берілген ұғымдық мағыналарымен сәйкес келеді, ал бұл сөйлеу коммуникациясында тілдік тұлғаның өз мәдениеті мен тіліне тән феноменді телитіндігін көрсетеді.

Адамның тілдік санасында қалыптасып, сақталатын лексиконның семантикалық өрісін, семантикалық өріс ішіндегі сөздердің лексика-семантикалық байланысын сипаттау үшін психолингвистикада «ассоциативті эксперимент» әдісі қолданылады. Қолданбалы психолингвистикада ассоциативті эксперименттің бірнеше нұсқалары жасалынған. Ал ассоциативті эксперимент негізінде алынған мәліметтердің нәтижесін талдап түсіндіруде синтагмалық (көк аспан, ағаш өседі, машина үреді т.б.) және парадигмалық (үстел – орындық, ана - әке т.б.) ассоциациялар негізге алынады. Осы ассоциативті эксперимент бойынша талдауға түскен мәліметтер және сөздіктер негізінде қазақ тіліне тән негізгі түстік этноэйдемдер қатарына – *ақ, көк, жасыл, қоңыр және сары* түстердің жататындығы жоғарыда айтылды.

Көк түс – жалпы адамзаттық түсінік бойынша аспан әлемі мен су кеңістігіндегі мұхит, теңіз, көл, өзен ұғымдарымен байланысты тұжырымдалады. Сондықтан «аспан» және «теңіз» ассоциаттарын халықаралық, тіларалық ассоциативті универсалийлер қатарына жатқызуға болады. Әрине, бұл жерде әңгіме «теңіз» деген ұғыммен таныс халықтар туралы екендігін ескерген жөн. Көк түстің көне түркілер дүниетанымында аспан әлемімен байланыста болғандығын Күлтегін ескерткішіндегі:

Биікте көк Тәңірі

Төменде қара Жер жаралғанда

Екеуінің арасында адам баласы жаралған, - дейтін өлең жолдары дәлелдей түссе, оны жалғастыратын батырлық идеяны «Оғуз қаған» эпосындағы *көк бөрі* ұғымымен байланыстыруға болады. Қазақ ұғымында көк түс аспанға берілген оның тәңірлік сипаты ретінде танылғандықтан, ата-бабаларымыз көк түсті *аспан әлемі, жаратушы тәңір әлемі, биіктік пен бостандық әлемі* деп қабылдаған. Осыған орай, бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінің *көк байрағы* аспан түстес еркіндіктің, бостандықтың символын білдіреді. Көк түстің этносимволикалық табиғаты жөнінде Е.Ш.Шаймерденов былай дейді: «ашық аспан түстес, көк аспан әлемінің» көшпелі халықтың ұлттық дүниетанымында өзіндік ізін қалдырған. Ішкі жан дүниесінің тыныштығы,

мейірімділік, еркіндік, биіктік, бостандық осы түстің символикалық мағыналары ретінде халық санасында сақталған» [5,110]. Ең алдымен, осы түстің қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген мағынасына назар аударар болсақ, оның белгілі бір денотатқа негізделгенін «ашық аспан тәрізді түс (көк аспан, көк теңіз)» (ҚТТС,) көреміз. Ал орыс тілінде көк түс өзге түстердің үйлесімі негізінде немесе оның күн жүйесіндегі орнын айқындау арқылы ашылады: «Лазоревый, темно-голубой, цветом гуще, темнее голубого» (В.И.Даль, 1913); «находящийся в спектре между голубым и фиолетовым» (С.И.Ожегов, 1973). Тілдің негізгі қызметтерінің бірі - көру, есту және басқа сезім мүшелері арқылы қабылданған зат, құбылыстардың өздік белгілері мен өзара қатынастары туралы ақпаратты жеткізу. Бұдан әртүрлі тілдердің болмысты өз таным-түсінігі бойынша түзетіндігі шығады. Ф. де Соссюрдің айтуынша, тілде ешнәрсе де негізсіз, уәжсіз болмайды. Олай болса, қазақ тіліндегі бұл сөздің жуық этимологиялық мағынасы, сөздің ішкі формасы ретінде ашық аспан, ашық көк реңкті; ал орыс тіліндегі сөздің ішкі формасы көгілдір түсінің сәл қоюлау реңкін (более темный оттенок: спелая черника, фиалка және т.б.) бағамдайды.

Көк түстің өн бойындағы ұлттық-мәдени бейне қазақ тілін тұтынушылардың көк сөз-стимулына берілген реакциялар негізінде анықталады: *ашық аспан, көк аспан, мемлекеттік ту, бейбітшілік, бостандық, еркіндік, тұрақтылық, су, түпсіз тұңғиық, тыныштық, биіктік*. Аналогиялық үрдіс соншалықты күшті болмаса да орыс тілінде де кейбір семантикалық параллельдері кездеседі: *бостандық, еркіндік, отан, туған жер*. Көк түсіне берілген сөз-реакцияларының екінші тобына *көктем, өсімдік, көк шөп, көк шығыпты, көк дала, көк майса* бірліктері иеленеді. Қазақ тілінде бұл сөз тұрақты тіркестер құрамында метонимиялық тәсіл арқылы қоршаған ортаны, өсімдікті таңбалауда жиі қолданылады: *көк майса, көк дала, көк айдын, көк қауырсын т.б.* Қазақ тілі ұстармандарының сөз-реакцияларында көк түстің құс сөзімен ассоциациясы (көкқұтан, көкқаршыға) 1-2 % құраса, орыс тілінде көк түстің құс сөзімен ассоциат құрауы өте кең қолданысқа ие екендігін (*синяя птица, птица счастья*) және орыс тілінде көк сөзінің метафоралық мағынасының кірме фразеологизмдердің құрамында ғана жұмсалатындығын *синий чулок, синяя борода* сияқты тілдік бірліктері көрсетеді. Екі ұлт этномәдениетінде де көк түс *аязбен, суықпен* ассоциацияланады, оны синтагмалық ассоциация түрінде көрсететін болсақ: *көк мұз, көк тайғақ, мұздай қара көк (жерг. сөйл.); синий от холода, от мороза, нос, лицо; холод, прохладный*).

Сонымен қатар қазақ халқының тілдік санасында көк түс адамның эмоционалды күйін, зат, құбылыстардың өзара қатынастарының физикалық сипатын таңбалауда да қолданылады. Оған адамның қатты ашулануынан көгеруі немесе жағымсыз бағалауыштық сипаттағы *көк бет, көк далы; көздің немесе ұрылған жердің, нанның, еттің, үй қабырғасының*

көгеруі сияқты «зат – түс - сапа» негізінде берілген сөз-реакциялары дәлелдейді. Шын мәніндегі өмірлік тәжірибеде адамның ауырғаннан сарғаюы, бозаруы, тоңғаннан, ашу шақырғанынан көгеруі, ұялғаннан қызаруы, қайғыдан қараюы, уайымнан шашының ағаруы сияқты анатомиялық-психикалық процесстердің түр-түс атауларымен сабақтастығы тектен тек емес.

Көк түстің ұлттық-мәдени коннотациясын анықтауда осы түстің өзге түстермен оппозициялық жұп құрауы арқылы да қарастыруға болады. Көк ~ қызыл ассоциативті жұбының сөз болып отырған лингвомәдени қауым тәжірибелерін ортақ келетіндігін айтуға болады. Бұған «қызыл» сөзінің «диплом» сөзімен ассоциациялануы Кеңес үкіметі кезеңінде дипломның қызыл (өте жақсы, үздік) және көк (қалғандары) болып бөлінгендігі дәлел бола алады. Әсіресе, бұл танымның орыс халқының тілдік санасында берік орын алғандығын қызыл, көк сөз-стимулдарына берілген *диплом, корочка диплома, отличный, университет* реакциялары негіз болады. Жоғарыдағыларды тұжырымдай айтқанда, көк түс қазақ және орыс халқының тілдік санасында *аспан, теңіз, суық, көктем* ұғымдарымен түрлі ассоциациялық байланысқа түсіп, ортақ ассоциативті лакуналардың бар екендігін дәйектейді.

Адамзат баласы өзін қоршаған түр-түс әлемінде өмір сүреді. Түс қоғамдық сананы басқарудың, әсіресе саяси және коммерциялық жарнамаларда өзіне назар аудартудың, бағындырудың ең күшті қаруы болып табылады. Түстер зат-белгі, зат-түс-сапа арақатынасын сипаттаумен қатар, сол түс арқылы таңбалауар ұғымның киелілік мазмұны да шексіз. Дегенмен, біз кейбір түстерге елеусіздік танытқанмен, белгілі бір түстер түрлі коннотациялық мәнге ие болып жатады. Олардың уақыт пен кеңістікке жүйелі түрде тарала отырып халықтың тілдік санасында бекітілуі түстік этноәйдемдердің қалыптасуына алып келеді. Этномәдениетке тән ерекшелік қандай да бір түс немесе түстер үйлесімділігі арқылы айқындалып жатса, бұл түр-түс лакуналары және соған сәйкес түр-түс универсалиялардың бар екендігін көрсетеді. Концепт сияқты этноәйдемдер де салыстырмалы түрде тұрақты болып келгенмен, «концептуалды ғалам бейнесін» түзудің құрылымдық элементі ретінде оған да диахрониялық өзгерістер тән. Түрлі экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлардың әсерінен этноәйдемдер қосымша коннотациялық мәнге ие болуы немесе оны жоғалтуы да мүмкін.

Әдебиеттер

1. Жарқынбекова Ш. Концепты цвета в казахской и русской лингвокультурах. – Алматы, «Қазақ университеті», 2004 ж.
2. Коныров Т. Цветообозначение в структуре сравнения. АлмаАта: Мектеп, 1985.

3. Муравьев В.Л. Лексические лакуны. Владимир, 1981.
4. Сорокин Ю.А. Метод установления лакун один из способов выявления специфики локальных культур (художественная литература в культурологическом аспекте) // Национально-культурная специфика речевого поведения. –М., 1977.
5. Шаймерденов Е.Ш. Государственная символика Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 2000.

Сөздіктер:

1. Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка. СПб., 1913.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. 10 – е изд. –М., 1973.

Резюме

В этой статье рассматриваются национально-специфические особенности цветообозначений на материале казахского и русского языков/культур. С определенными, культурно-закрепленными эмоциональными состояниями позволяет рассматривать цветообозначения как «концепты мироведения» или «этноэидемы».

Summary

The nationality specific peculiarities of meaning of colours are discussed in the article the basis of Kazakh and Russian languages/culture.

М.С.ЖЫЛҚЫБАЕВА,

Ш.Есенов ат. КМТЖИУ доценті

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ КӨНЕ ТҮБІРЛЕРДІҢ ДИАЛЕКТІЛІК СИПАТЫ

Кез келген тілдің диалектілік негізі туралы мәселе қай кезде де зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Диалектісіз тіл болмайтындығы бұған дейін де айтылып келеді. Диалектілік ерекшеліктер тіл дамуының белгілі бір кезеңдерінде азайғанмен, мүлдем жойылып кетпейді. Дүние жүзіндегі тілдердің қайсысында болмасын бірінде аз, бірінде көбірек, әйтеуір жергілікті тіл ерекшеліктері байқалады. Демек, қазақ тілінде де диалектизмдердің бар екендігі дау туғызбасы анық.

Енді осы диалектілік ерекшеліктердің тіл-тілде пайда болуы немесе сақталуы деген мәселе төңірегінде сөз еткенде, оның екі түрлі жолы айтылып жүр. Бірі тіліміздегі көне түбірлердің белгілі бір аймақ тұрғындары тілінде сақталып қалуынан болған тума элементтер болса, екіншісі –көрші халықтар тілінен ауысқан кірме диалектизмдер.

Қолданыс аясы шектеулі көне түбірлер әдеби тілімізде де бар. Ал жекелеген сөйленістердегі мұндай түбірлердің әдеби тілдегіден